

БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГЫНЫҢ КӘСІБИ ТАЛЫҒУ МЕН СТРЕСС ЖАҒДАЙЫН БАСҚАРУ МӘСЕЛЕСІН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРДЕЛЕУ

Мухтарова Мультдир

«Білім берудегі менеджмент» ББ 2 курс магистранты,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан
Ғылым жетекшісі, п.ғ.д., профессор - Мұханбетжанова А.У.

Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар күннен-күнге артып келеді. Бастауыш сынып мұғалімі тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші, психолог және ұйымдастырушы рөлін қатар атқарады. Мұндай көпқырлы қызмет педагогқа жоғары психологиялық жүктеме түсіреді. Осыған байланысты мұғалімдердің кәсіби талығуы мен стресс мәселесі өзекті болып отыр. Кәсіби талығу – ұзақ уақыт бойы эмоционалдық және психологиялық жүктеменің әсерінен туындайтын жағдай. Бұл мәселе тек мұғалімнің жеке денсаулығына ғана емес, сонымен қатар білім беру сапасына да әсер етеді.

Кәсіби талығу (эмоционалдық күйзеліс) – тұлғаның кәсіби қызмет барысында ұзақ уақыт стресс жағдайында болуы нәтижесінде пайда болатын психологиялық синдром. Бұл ұғым ғылымда алғаш рет америкалық психолог Herbert Freudenberger тарапынан енгізілген. Кейіннен Christina Maslach бұл ұғымды дамытып, кәсіби талығудың үш негізгі компонентін анықтады: эмоционалдық шаршау, деперсонализация, жеке жетістіктердің төмендеуі. Ғалымдар кәсіби талығудың бірнеше кезеңін ажыратады:

1. Бастапқы кезең – жұмысқа жоғары қызығушылық
2. Стресс кезеңі – шаршау белгілерінің пайда болуы
3. Талығу кезеңі – эмоционалдық күйзеліс
4. Апаттық кезең – толық кәсіби күйреу.

Стресс – сыртқы немесе ішкі факторлардың әсерінен туындайтын ағзаның психофизиологиялық реакциясы. Бұл ұғымды ғылымға Hans Selye енгізген.

Бастауыш сынып мұғалімдерінде стресс тудыратын негізгі факторлар: жоғары жауапкершілік, оқушылардың жас ерекшеліктері, ата-аналармен жұмыс, құжаттық жүктеме, уақыт тапшылығы, білім беру реформалары.

Стрестің түрлері: Эустресс – жағымды, мотивация беретін стресс, Дистресс – зиянды, ұзаққа созылатын стресс. Кәсіби талығу педагог қызметіне келесідей кері әсер етеді: сабақ сапасының төмендеуі, оқушылармен қарым-қатынастың нашарлауы, эмоционалдық тұрақсыздық, шығармашылық қабілеттің төмендеуі, кәсіби мотивацияның әлсіреуі. Бұл жағдай оқушылардың білім сапасына да тікелей әсер етеді.

Кәсіби талығу мен стресті басқару жолдарын қарастырайық. Психологиялық әдістер - педагогтардың эмоционалдық жағдайын жақсарту үшін: тыныс алу жаттығулары, медитация, аутотренинг, позитивті ойлау. Ұйымдастырушылық әдістер - жұмыс уақытын дұрыс жоспарлау, демалыс режимін сақтау, артық жүктемені азайту, әкімшілік қолдау. Әлеуметтік қолдау - әріптестермен тәжірибе алмасу, психологиялық тренингтер, қолдау топтары. Кәсіби даму - біліктілікті арттыру, жаңа әдістерді меңгеру, өзін-өзі дамыту. Эмоционалдық тұрақтылық – педагогтың кәсіби қызметінде маңызды қасиет. Оны қалыптастыру үшін: өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту, стресс-менеджментті меңгеру, кәсіби рефлексия жүргізу қажет. Эмоционалдық тұрақты мұғалім: сабырлы болады, тиімді қарым-қатынас орнатады, кәсіби қиындықтарды жеңе алады.

Тәжірибелік зерттеу жұмысы ұйымдастырылған мектептегі басқару типі: иерархиялық – бюрократиялық стильде мектептегі барлық дерлік процестер ұйымдастырылады және басқарылады. Мектепте вертикалды-иерархиялық басқару қолданылады:

Бірінші-директор.

- директордың орынбасарлары.
- әдістемелік бірлестік басшылары.
- педагогтар/мұғалімдер.

Мектептің Бас жарғысына назар аударсақ, мектептің басты миссиясы: Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қоғамдағы бәсекелестік алаңдары мен нарықтық талаптарға жауап бере алатын оқушы тұлғасын тәрбиелеп шығару делінген.

Анықтау кезеңіндегі тәжірибелік зерттеу жұмысын ұйымдастырудағы мақсат: бастауыш сынып педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару тетіктерінің деңгейін диагностикалау және мониторинг жұмыстарын жүргізу.

Анықтау кезеңінің бірінші басқышы: эксперимент ұйымдастырылған мектептің кадрлық-педагогикалық әлеуетін анықтау. Осы бағытта мынадай шаралар жүргізілді:

-мектептегі бастауыш сынып мұғалімдері мен педагогтарының сандық құрамын айқындау.

-бастауыш сынып мұғалімдерінің жас ерекшеліктері бойынша ара-жігін анықтау. Бұл зерттеу мәселесі бойынша маңызды шара. Өйткені, бастауыш сынып мұғалімінің жасы тым жас болса немесе жас маман болса бұл педагогтардың тез шалығуы мен стресске түсуіне алғышарт болатын фактор. Ал, егер педагогтардың жасы тым ересектері көп болса (зейнеткерлік жасқа жақын) бұл педагогтардың жаңашыл цифрлық технологияларға бейімделуі барысында стресске түсу қаупі басым дегенді аңғартады.

-бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілік деңгейі мен дәредесін талдау. Егер бастауыш сынып педагогтарының арасында зерттеуші, эксперт біліктілігіндегі мамандар көп болса бұл кадрларға қойылатын кәсіби талаптардың жоғары екендігін куәландырады. Сәйкесінше бұл мамандарда көптеген стресстер болу ықтималдығы жоғары.

Осылайша, анықтау кезеңінің бірінші бағытында эксперимент ұйымдастырылған мектептегі адами капиталдың деңгейіне мониторинг жұмыстары жүргізілді.

Эксперимент ұйымдастырылған мектепте бастауыш сынып педагогтарының саны-25.

1. Бастауыш сынып педагогтарының біліктілік деңгейін анықтау.



Диаграмма-1. Бастауыш сынып педагогтарының кәсіби біліктілік деңгейі

Біліктілік деңгейі мынадай көрсеткіштерге тән:

-зерттеуші-педагогтар саны-5, (20 %). Бұл эксперимент болған мектептің бастауыш білім беру сатысындағы педагогтардың ең озат тәжірибеге иелері болып табылады.

-эксперт-педагог-10, (40%). Педагогикалық ұжымның ең басым көпшілігі, өзегі болып саналады.

-модератор-педагогтар-7 адам (27%). Бұл енді кәсіби тұрғыдан жетілдіріп, белсенді педагогикалық әрекет етіп жатқан бастауыш сынып мұғалімдер тобы.

-біліктілік категориясы жоқ педагогтар -3 адам (13%). Бұл топтағы педагогтар әлі педагогтар ұжымына толығымен бейімделе қоймаған, өзіне кәсіби тұрғыдан сенімсіз, сол үшін стресске түсу қаупі жоғары болған мұғалімдер (диаграмма-1).

Анықтау кезеңіндегі бастауыш сынып педагогтарының біліктілік деңгейін талдау арқылы мынадай басқарушылық нәтиже шығарылды: эксперимент ұйымдастырылған мектептегі бастауыш сынып педагогтарының кәсіби біліктілік деңгейі өте жоғары, бұл дегеніміз зерттеуші және эксперт педагогтарына ҚР Ағарту министрлігінің жарлықтары бойынша кәсіби талаптар да жоғары қойылады. Осы фактор педагогтарға бірқатар талығу мен стресс жағдайдарын алып келу ықтималдығын жоғарылатады. Ал, категория алмаған педагогтар ұжым мен ортаға бейімделу, өзін кәсіби маман ретінде таныту, мойындату процестерінде де стресс жағдайларға тап болуы мүмкін. Сондықтан, дәл осы мектепте

бастауыш сынып педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқарудың тиімді тетіктерін анықтауға бағытталған эксперимент жұмыстарын жүргізіп, сыннан өткізудің маңыздылығы мен қажеттілігі дәлелдене бастайды.

2. Бастауыш сынып педагогтарының жас ерекшеліктерін айқындау (25).

-30-49 жастағы мамандар. Бұл кәсіби жетілген педагогтар болып танылады. 10 педагог. Бұл жастағы педагогтар эмоционалды сәттерде стресс халдеріне түседі.

-29 жасқа дейінгі педагогтар. Жас, әрі белсенді мамандар. 7 педагог. Бұл жастағы педагогтар көбінесе кәсіби ортаға немесе ұжымға бейімделу процесінде, сонымен қатар қарым-қатынасқа түсу барысында талығуға шалығуы мүмкін.

-49 жастан жоғары. 8 педагог. Бұл педагогтар егде жастағы мамандар болып саналып, бұл категориядағы педагогтар жаңашыл инновациялық технологиялар мен цифрлық технологияларды енгізуде, қолдану барысында талығы мен стресс жағдайдарына түсу ықтималдылығы басым.

3. Бастауыш сынып педагогтарының білімділік деңгейі.

Барлық 25 педагог жоғары білімді.

Олардың 5 еуі –магистр оқытушылар (20 пайыз).

Барлық педагогтар ерекше білім беруді қажет ететін балаларға оқу процесін жүргізу мен жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы аясында сабақты ұйымдастыру әдістемелеріне қатысты біліктілікті арттыру курстарынан өткен.


Соңғы 4 оқу жылында эксперимент ұйымдастырылған мектеп шеңберінде бастауыш білім саты педагогтарының арасынан 10 педагог өз еркімен жұмыстан шыққан. Жұмыстан шығу себептері педагогтардан кейінгі алынған анкеталық-сауалнама барысында анықталғандай:

-цифрлық технологиялар арқылы сабақты ұйымдастыру барысына бейімделе алмау.

-психологиялық жүктемелердің көп болуы, педагогқа қойылатын кәсіби талаптың тым жоғарылауы (аттестация, құжатнаманың көбеюі).

-бастауыш мектеп оқушыларының ата-аналарымен орны алатын қақтығысты және дау-дамайлы жағдайлардың тым көп болуы.

-педагог кәсібіне адамның тым көп уақытының қажеттілігі, жеке өмірге уақыт тапшылығын сезіну (сурет-1).



Сурет-1. Бастауыш сынып педагогтарын талығу және стресс жағдайларына алып келетін кәсіби факторлар

Анықтау кезеңінің бірінші басқышы бойынша нәтиже келтер болсақ: мектептің адами-кадрлық әлеуеті өте жоғары. Дегенмен, мектептен соңғы жылдары педагогтардың жұмыстан көптеп шыға бастауы-мектеп әкімшілігінің бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби талығуы мен стресс жағдайларын болдырмауға байланысты басқару шаралары өз деңгейінде жүргізілмегендігін білдіреді. Тағы бір ескере кететін жәйт: бастауыш сынып мұғалімдерінің стресс жағдайларын реттеуге байланысты мектеп әкімшілігінің басқару шараларына педагогтардың жас ерекшеліктеріне орай дифференциалдық басқару ұстанымдарын қолдануды қажет ететіндігі аңғарылды.

Анықтау кезеңінің екінші басқышы: бастауыш мектепте (жалпы мектептің) экономикалық көрсеткіштерін анықтау. Мектептің экономикалық көрсеткіштеріне мониторинг жасаудың мақсаты-бастауыш сынып педагогтарының кәсіби талығуы мен стресс жағдайлардан оңай өтуі үшін мұғалімдерге қаржылай жігерлендіру шараларының қарастырылу деңгейін зерттеу, мектептің материалдық-техникалық базасы бастауыш сынып педагогтарына қосымша стрестер туындату деңгейін анықтау.

Эксперимент ұйымдастырылған мектептің педагогтарын жергілікті жердің бюджетінен жалақы алатындығы белгілі болды. Сонымен қатар ҚР заңдары мен жарғыларына негізделі отырып, бастауыш сынып педагогының жалақысы мынадай жүйеден құралатындығы анық болды:

1. негізгі жалақы, педагогтың білімі мен жұмыс өтілі басшылыққа алына отырып есептеледі.

2. жалақыға қосымша. Педагог біліктілік категориясын жоғарылатқан сайын жалақыға қосымша бөлігі көбейе түседі. Дегенмен, біліктілікті көтерген бастауыш сынып педагогына қосымша талаптар да жоғарылай түседі. Сонымен қатар педагогтар өзінің кәсіби квалификациялық біліктілік статусын өз уақытында дәлелдеп, дәйектеп тұруы қажет етіледі.

3. Жалақыға арнайы қосымша ақылар. Бастауыш сынып педагогының мынадай арнайы ақылар төленеді:


-оқушының дәптерін тексергені үшін.

-Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы аясындағы қосымша жұмыстар үшін.

-сынып жетекшілігі үшін.

4. Бастауыш сынып педагогының «магистр» ғылыми дәрежесі болса, ол үшін де қосымша ақы төленеді.

Қосымша ақы төленетін пункттердің барлығы дерлік бастауыш сынып педагогтарына бір жағынан жігерлендіруші фактор болса, екінші жағынан кәсіби жауапкершілікті арттыратын тұстар мен талығу мен стресс туындатуы мүмкін жағдаяттар болып та табылады (сурет-2).



Сурет-2. Бастауыш сынып педагогының жалақы жүйесі және қосымша талығу факторлары

Бастауыш сынып педагогының талығуы мен стресс жағдайында қаржылай көмек көрсететін шаралар да бар екендігі анық болды, олар:

1. Педагогтың біліктілікті көтеруге байланысты шығындарын мемлекет бюджетінен төленуі.

2. Педагогтың сабақ өтетін кабинеттерін соңғы мерзімдік техникалармен қамтамасыз ету арқылы мұғалімнің кәсіби талығуы мен стресс жағдайын азайтуға бағытталған шаралар. Мәселен, жоғары жылдамдықтағы интернетпен кабинеттерді қамтамасыз ету, интерактивті тақталардың жұмыс жасауы, жұмыс кабинетінің ыңғайлы құрастырылуы. Техникалық стресс деген анықтама да соңғы уақытта көптеп қолданылуда.

3. Педагогтарға түрлі мерекелік шараларда сыйлық немесе қаржылай қолдау көрсету арқылы кәсіби талығу жағдайын азайту шаралары.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып педагогы стресс пен кәсіби талығу жағдайына душар болса, бұл мектеп әкімшілігі үшін көптеген шығындарға алып келеді. Біріншіден, педагог емделу демалысына шығады, ол демалыстарды төлеу шығыны, өтілуі керек сабақтардың басқа педагогтарға алмастыру мәселелері. Сонымен қатар педагогтар кәсіби талығу жағдайына көп шалдықса, бұл жұмыстан шығу мөлшерін көбейтеді. Эксперимент мониторинг жұмыстарында соңғы жылдарда оннан астам бастауыш сынып педагогтарының жұмыстан өз еркімен шығуы осыған дәлел.

Анықтау кезеңінің екінші басқышы- бастауыш мектепте (жалпы мектептің) экономикалық көрсеткіштерін анықтау барысында мынадай басқарушылық олқы тұстары айқындалды: мектептің қаржылық жағдайы (экономикалық жағдайы) бір қалыпты. Дегенмен мектепте бастауыш сынып педагогтарының біліктілік категорияларын арттыруға бағытталған қарқынды басқарушылық және ұйымдастырушылық шаралары-педагогтардың кәсіби талығуы мен стресс жағдайларын ескермеген. Мектептің барлық дерлік басқарушылық саясаты-мектептің абыройы мен көрсеткіштерін арттыруға ғана бір жақты бағытталғандығы анықталды. сонымен қатар бастауыш сынып педагогтарын материалды емес, қаржылай емес түрде жігерлендіру шараларының бірде біреуі жүзеге асырылмағандығы –педагогтардың

кәсіби талығуы мен стресс жағдайларын түзетуге бағыттаған стратегиялық саясаттың жоқтығын дәлелдейді.

Анықтау кезеңінің үшінші басқышы: эксперимент ұйымдастырылған мектептің бастауыш білім беру сатысындағы оқу үдерісінің ұйымдастыру қарқынына мониторинг жасау. Бұл мониторинг жұмыстарын жүргізудің мақсаты: бастауыш сынып педагогтарына оқу процесінен қандай талығу факторлары ықпал ететіндігін айқындай түсу. Осы бағытта мынадай факторлар анықталды:

1. Ауысымдық білім алу. Эксперимент ұйымдастырылған мектептің базасында оқушылар 2 ауысымда білім алуы. Оқушылардың 2 ауысымдық білім алуы бастауыш сынып педагогының (жалпы кез-келген педагогтарға) кәсіби талығуы мен стресс сезінуіне үлкен фактор болып табылады.

2. Сыныптардағы бала санының көптігі. Эксперимент ұйымдастырылған мектептің базасында бастауыш сыныптарында 27 баладан көп білім алушылар тіркелген. Сыныпта негізінен 25 баладан аспауы керек (талап пен стандарт бойынша). Эксперимент ұйымдастырылған мектепте сыныпта бала санының тым көп болуы-бастауыш сынып педагогының кәсіби талығуына, шаршап-шалдығуына әсер етуші басты фактор.

3. Ата-аналармен болған дау-дамайлардың көптігі. Эксперимент жұмысы барысында соңғы 3 оқу жылында мектептің бастауыш білім беру сатысында, әсіресе 1-ші сынып оқушыларының ата-аналарымен көптеген дау-дамайлардың болғандығы мұғалімдермен және педагогтармен ұйымдастырылған анкеталық-сауалнамалар нәтижесінде белгілі болды. Бұл мектептің бастауыш білім беру үдерісін «күрделі, дау-дамайлы жүйе» ретінде сипаттама беруге болатын жағдай. Дау-дамай мен қақтығыстарды мектеп әкімшілігі алдын алмаса немесе тиімді шешу шараларын ұйымдастырмаса-бастауыш сынып педагогтарының кәсіби қысым алуына, жұмыстан шаршап-шалдығуына, өз кәсібіне деген ынта-ықыласының төмендеуіне, стресс пен талығуларға тап болуына алып келуі әбден ықтимал. Осы жағдайда стресс пен талығу бастауыш сынып педагогының жеке басының проблемасы емес екендігі анықталды, бұл эксперимент ұйымдастырылған мектептің оқу және тәрбиелеу үдерістерін сатылы түрде өз деңгейінде басқарушылық шараларын жүзеге асыра алмай жатқандығының көрінісі .

Анықтау кезеңінің төртінші басқышы: Бастауыш сынып педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын диагностикалау.

Диагностикалау үшін келесі әдістер қолданылды:

1. В. Бойко. Эмоционалды талығу деңгейін диагностикалау әдісі.

2. «Бастауыш мектепте стресске алып келетін жағдайлар» сауалнамасы. Педагогтардан алынады.

Диагностика нәтижелері:

Эксперимент ұйымдастырылған мектептегі бастауыш сынып педагогтарында мынадай талығу симптомдары айқындалды:

1. Педагог кәсіби іс-әрекеттерін ресми түрде ғана жүзеге асырады. Өйткені педагог өзінің эмоцияларын үнемдейді, себебі кәсіби стрессерден шаршаған, педагог үшін жұмыс орны-қысыммен теңестіріледі. Жұмысты және кәсіби әрекеттерін инструкция бойынша ғана орындайды.

2. Педагог кәсіби саладан алған шаршау, кәсіби талығу мен стрессерін үй және отбасы мүшелеріне ауыстыруға бейім.

3. Педагог тек қана өзінің кәсіби міндеттерін минимум түрде ғана орындауға бейім.

Анкеталау нәтижесі бойынша. Бастауыш сынып педагогтары кәсіби талығуына алып келетін мынадай факторларды пайыздық мөлшерде (шартты түрде) бөліп-ажыратып көрсетті:

1. Маған кәсібімнен қысым сездіретін фактор-ол ата-аналармен қарым-қатынас орнату процесі. Сауалнамаға қатысушылардың 86 % осы факторды жиі көрсеткен.

2. Критериалды және суммативті бағалау жүйесі бойынша оқушылардың жұмыстарын тексеруге кеткізетін сәттер мен уақыттар, тез есеп беру мәселелері маған кәсіби талығу сезіндіреді. Сауалнамаға қатысушылардың 71 % осы жауапты белгілеген.

3. Сыныпта оқушы санының көп болуы, шудың көптігі, сабақтар арасында қоңырау мерзімінің аздығы, өзіме уақыттың қалмауы, жұмыс графигінің тығыздығы маған стресс туындатады. Сауалнамаға қатысушылардың 66% осы жауаптарды белгілеген.

4. Цифрлық технологиялар арқылы есеп беру барысында қателіктер жіберу қорқынышы мен үрейлену маған кәсіби талғуды сездіреді. Сауалнамаға қатысушылардың 55 % осы жауапты белгілеген (диаграмма-2).




Диаграмма-2. «Бастауыш мектепте стресске алып келетін жағдайлар» сауалнама нәтижесі (анықтау кезеңі)

Анықтау кезеңінің төртінші басқышы-бастауыш сынып педагогының кәсіби талғу мен стресс жағдайын диагностикалау шараларының нәтижелерін талдай отырып, мынадай басқарушылық қорытынды шығаруға болады: эксперимент ұйымдастырылған мектептегі бастауыш сынып педагогтары кәсіби талғу деңгейі жүйелелілік сипатына ие. Педагогтардың кәсіби талғуы мектептің жалпы педагогикалық ұжымына да сипатты белгі. Педагогикалық ұжым жасырын дағдарыстарды басынан кешіруде деп айтуға болады. Өйткені, мектептегі, әсіресе бастауыш білім беру сатысындағы ұйымдастыру және басқару шаралары сыртқы талаптарды орындауға және мектептің статусы мен бейнесін қалыптастыруға басымдық таныта отырып, бағытталған. Ал, сол мектептегі ұжым, педагогикалық кадрлардың кәсіби талғу мен стресс факторларын анықтау және сол факторларды болдырмау мен жоюға бағытталған ұйымдастыру және басқарушылық шаралардың қарастырылмауы көзге түсті. Анықтау кезеңінің төртінші басқышы: бастауыш сынып педагогтарына қолдау көрсету шараларына мониторинг жасау. Зерттеу соңында бастауыш сынып мұғалімдеріне мынадай ұсыныстар жасалды:

- күн тәртібін сақтау
 - демалысқа уақыт бөлу
 - хобби дамыту
 - эмоционалдық жүктемені азайту
- Мектеп әкімшілігіне:
- мұғалімдерді қолдау
 - психологиялық қызмет ұйымдастыру
 - жұмыс жүктемесін реттеу.

Бастауыш сынып педагогтарының кәсіби талғуы мен стресс жағдайы – қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі. Оны тиімді басқару педагогтың кәсіби қызметінің

сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Мұғалімнің психологиялық саулығын сақтау – білім сапасының негізгі кепілі болып табылады. Сондықтан бұл мәселе ғылыми және практикалық тұрғыдан үнемі зерттелуі қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұқанова Б.Ж. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі.
2. Нұртазина Р.А. Педагогикалық шеберлік негіздері.
3. Тәжібаева С.Қ. Білім берудегі психологиялық аспектілер.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы
5. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту бағдарламалары
6. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты